



Бекітілді
№10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі Р.Ұ Бағытова
№1 педагогикалық кеңесте
08.09.2021 жыл

Кіші «Балапан» тобының 2021-2022 оқу жылына
арналған жылдық перспективалық жоспары

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Қыркүйек айы, 2021 жыл

Мақсаты: балалардың бойында балабақша, достық, татулық туралы түсініктерін дамыту, ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу арқылы танымдық қабілеттерін, ой- өрістерін кеңейте отырып, сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді дұрыс айтуға, қойылған сұраққа жауап беруге үйрету, бірлескен әрекетке қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым –қатынас дағдыларын, сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетті дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта	Менің балабақшам	1. Дене шынықтыру Тақ: «Балабақшаға барар жол» Мақ: Балаларға балабақша және спорт залмен таныстыра отырып, берілген бағытта тәрбиешінің соңынан шағын топпен жүру арқылы спорт жабдықтармен танысу. Түрлі бағытта «Шағын топпен » жүгіру. Қос аяқтап секіру. Допты қос қолмен домалату. 2. Дене шынықтыру Тақ: «Менің тобым осындай!» Мақ: Балаларға балабақша туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі бағытта жүру.Тапсырмалармен жүгіру; домалап бара жатқан заттарды қуып жету. Қос қолмен допты алға қарай лақтыру. Алға жылжи отырып секіру. 3. Дене шынықтыру Тақ: «Біз көңілді балалар!» Мақ: Балаларға балабақшада көңілді екенің түсіндіру. Шектелген жазықтық бойынша жүруге үйрету, басқа балалармен бірге бірлесіп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақ: «Менің тобым. Топқа саяхат» Мақ: Балаларды тобымен таныстыру арқылы балабақша өмірі туралы түсініктер қалыптастыру. Балаларды ұжымдық шараға қатысуға үйрету, тәрбиешінің айтқанын өз еркімен тыңдап, қоршаған ортада айтылған сөздерді түсініп, дыбысқа еліктеу және қарапайым сөздерді айтуға дағдыландыру.	Жаратылыстану Тақ: «Менің тобым» Мақ: Балаларды балабақша өмірімен, ондағы топ бөлмелерімен таныстыру. Онда кімдер не істейтіні туралы ұғындыру, айналадағы заттармен, ойыншықтармен таныстыру. Баланың тілін дамытып,, сұраққа толық жауап беруге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға үйрету., үлкендер еңбегіне құрметпен қарап, баланы тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сенсорика Тақ: «Терезелі үй» Мақ: Балаларға екі берілген түс бойынша қызыл, көк түсті танып, атауға үйрету. Екі затты көлемі бойынша салыстыруға үйрету. Заттарды түсі бойынша топтастыру іскерлігін бекіту. Қызығушылығы мен зейінінің дамуына көмектесу.	Сурет салу Тақ: «Қарындаш – біздің көмекшіміз!» Мақ: Балаларды қарындашпен жұмыс жасауға, тіке және көлденең сызықтарды салуға, қарындашты дұрыс ұстауға үйрете отырып, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Доптар» Мақ: Балаларға ермексазды шымшып, үзіп алу әдісі және домалақтау тәсілін үйрету. Ермексазды алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін меңгерту. Балалардың мүсіндеуге қызығушылықтарын тудыру, материалдарды ұқыпты қолдануға үйрету. Музыка Тақ: «Балбөбектер әні» С.Кәрімбаев Мақ: Ырғақты сезінуге, «жай және тез», «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге дағдыландыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би»

II апта	Менің достарым	1. Дене шынықтыру Тақ: «Тату балалар» Мақ: Балаларды татулыққа тәрбиелеу. Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет тыныс алу жаттығуларын дамыту. 2. Дене шынықтыру Тақ: «Көңілді достар» Мақ: Балабақшада бір-бірінің жетістігіне қуана білуге тәрбиелеу. Шектелген сызықтармен (ені 25см, ұзындығы 2.5 м) түзу жолмен жүру. Бір орында қос аяқтап секіру «Көңілді доптар». Тыныс алу бұлшық еттерін дамыту «Көбік» ойыны. 3. Дене шынықтыру Тақ: «Дос болайық» Мақ: Балаларды бір-бірімен дос болуға, адал болуға тәрбиелеу. Тәрбиешінің соңынан шағын топпен жүру. «Ойыншыққа қонаққа барамыз» қос қолдап допты алысқа лақтыру. 5 м ге көтерілген жіптен аттап өту.	Көркем әдебиет Тақ: «Екі дос» (өлең) Қ. Мырзаәлі Мақ: Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайлық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақ: «Мен және менің достарым» Мақ: Балаларға топтағы балалардың атымен атауды үйрету, ұл, қыз ұғымдары туралы түсініктер беру; балаларға достық, татулық, бірлік ұғымдарын түсіндіру. Өзара татулық сезімдерін ояту арқылы қарым – қатынас жасай білуге үйрету. Құрастыру Тақ: «Түрлі – түсті мұнара» Мақ: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, оларды түсіне, пішініне, көлеміне қарай ажырата отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақ: «Досыма арналған пирамида» Мақ: Балаларға пирамида туралы түсінік беру, пішіні, түсін ажырата білуге үйрету. Балаларға қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай отырып, дайын пішінді дұрыс орналастыру арқылы саусақ, қол қимыл – қозғалыстарын икемділіктерін дамыту, еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу арқылы достарына деген ізгі қарым-қатынас, әдептілік ережелерін қалыптастыру. Музыка Тақ: «Балапан әні» Ж.Смақов, И.Нүсіпбаева Мақ: Әнді игеріп, қолды, аяқты қимылдатып жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Балақан да алақан» Ә.Ысқақов, Ө.Байділдаев Музыка Тақ: «Балапан әні» Ж.Смақов, И.Нүсіпбаева Мақ: Әнді дұрыс жаттағанын қадағалап, қайталату. Балаларға музыкалық ырғақ арқылы әдемі көңіл – күй сыйлау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Балақан да алақан» Ә.Ысқақов, Ө.Байділдаев
---------	----------------	--	--	---	--

III апта	Менің сүйікті ойыншықтарым	1. Дене шынықтыру Тақ: «Көңілді қуыршақ» Мақ: Балалардың ойыншықтар туралы білімдерін толықтыру. Күшікке қонаққа « Шағын топпен» бару. Тапсырмалар арқылы жүгіру . Бір орында қос аяқтап секіру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Айсұлумен ойнаймыз» Мақсаты: Өздеріне ұнаған ойыншыққа зерттеу жүргізу. «Айсұлуға қонаққа барамыз» құрсаудың ішіне кіру арқылы жүру. Биіктігі 15 см болатын текшеге көтеріліп, одан қайта түсу. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді добым» Мақсаты: Допты алға домалатуды жетілдіру. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақ: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақ: Балалардың ойын шықтарды сипаттап айтуға үйрету арқылы білімдерін кеңейту. Су рет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыртып, «қан дай?» сұрағына жауап беруге және жалғау, жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету, ойыншықтар мен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу, ұқыптылық қа баулу.	Жаратылыстану Тақ: «Біздің топтың ойыншықтары» Мақсаты: Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін қалыптастыру. Ойыншықтардың аттарын атап, қасиеті мен жасалу жолдарын ұғындыру. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу арқылы сүйіспеншілік сезімін арттыру. Сенсорика Тақ: «Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақтар» Мақсаты: Балаларды өлшемі мен түсі бойынша әртүрлі геометриялық пішіндерді кезектестіруге үйрету. Жеке түстер туралы түсінік беру, ұсақ бөлшектерді бауға тағуды орындай отырып, қол моторикасын дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Менің әдемі добым» Мақсаты: Балаларды қылқаламды дұрыс ұстай білуге үйрету, қозғап жылжытуға икемдерін баулу, қылқаламмен дөңгелек жасап, бояуға, түстер мен пішіндерді ажыратуын бекіту. Өз еркімен жұмыстануға тәрбиелеу арқылы сурет сала білуге деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Пирамида» Мақсаты: Балаларды ойыншық атауымен таныстыру. Қағаз жолақтарынан пирамида құрастыруға, түстерді ажыратуды үйрету. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қуыршағым - ай»
--	--	--	--	---	---

ІҮ апта	Балабақшадағы үлкендердің еңбегі	1. Дене шынықтыру Тақ: «Көңілді бірге жүру» Мақсаты: Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Отырып допты бір біріне домалату. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Өздігінен кедергілерден өте білуін дамыту. 2. Дене шынықтыру Тақ: «Таяқшадан аттап өт» Мақсаты: Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру «таяқшалардан аттап өт». Тапсырма арқылы жүгіру «торғайлар мен автомобильдер». 3. Дене шынықтыру Тақ: «Балабақша» Мақсаты: Балабақшадағы үлкендердің еңбегі туралы түсіндір өту. Берілген бағытта тәрбиешінің соңынан «шағын топпен жүру». Түрлі бағытта «шағын топпен » жүгіру. Қос аяқтап секіру. Допты қос қолмен домалату.	Көркем әдебиет Тақ: «Аспаз» Н.Әлімқұлов Мақ: Мамандық иелері туралы мағлұмат беру; өлең мазмұнын түсінуге және таныс сөздерді қайталауға үйрету, балабақшадағы аспаз еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақ: «Ас атасы - нан» Мақсаты: Балаларға нан туралы ұғым беру. Нанның қасиеттерімен таныстырып, нанның қиқымын жерге тастамай, оны қастерлей білуге баулу. Нанның дастарханға қалай келетінін әңгімелеп, үлкендердің еңбегін құрметтеуге үйрету. Құрастыру Тақ: «Аспаздың құралы» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, тәрбиеші ұсынған шарты бойынша 3 бөліктен тұратын қазанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету.	Сурет салу Тақ: «Күтуші орамалын әшекейлеу» Мақсаты: Топтағы күтушінің еңбегін бағалау, балалардың саусақтарының бұлшық еттерін, қол қимылдарының қозғалысын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. 1. Музыка Тақ: «Мамам гүлдің бағбаны» Мақсаты: Балаларға үлкендер еңбегі туралы түсіндіріп, оларды құрметтеу керектігін айту. Би қимылдарын бірге орындауға үйрету Музыкалық ырғақты қимыл: Би: «Қуыршақпен би» 2. Музыка Тақ: «Мамам гүлдің бағбаны» Мақсаты: Үйренген әндерін сұрап, қайталату. Ойын ойнатып, би билету. Музыкалық ырғақты қимыл: Би: «Жапырақтар»
---------	----------------------------------	---	---	--	--

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Қазан айы, 2021 жыл

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру, тақырып жайында ұғымдарын кеңейту, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгімелету, сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын байыту, отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу, балабақша мен үйде мінез-құлық қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту

Міндеттері: -отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру; - отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;- көргендерін суреттеп беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айтуға бейімдеу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта	Менің отбасым	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату тәтті отбасы» Мақсаты: Әр балаға отбасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, бірлесіп әрекет етуде жағымды эмоциясын қалыптастыруға тәрбиелеу. Бірінің қолдарынан бірі ұстап шеңбер жасап жүру. «Допты қуып жет» допты алысқа лақтыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз тату отбасымыз» Мақсаты: Балаларды өзінің отбасы, жақсы көретін адамдарды, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелесу.«Шағын топпен» жүру. Қол ұстасып, шеңбер жасап жүру. Тапсырмалармен жүгіру. Алға жылжи отырып секіру. Допты отырып домалату. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үй» Мақсаты: Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндері жайлы әңгімелесу. Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен (ені 25 см , ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру .	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі (үстел – үсті театры) Мақсаты: Балаларды үстел – үсті театры арқылы «Шалқан» ертегісімен таныстыру арқылы ең жақын адамдарына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Балаларға сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру арқылы тілдерін дамыту, «а» дыбысын жәй екпінмен созып анық айтуға жаттықтыру. Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Әрбір баланың өз жақын адамдары – оның отбасы болатыны жайында түсінік бере отырып, отбасы және отбасы мүшелері туралы айту. Ата – аналарының аттарын есте бекіту. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Біздің үй» Мақсаты: Балаларды 2 әртүрлі фигураны, заттарды тандауды жүзеге асыра отырып, олардың пішініне және көлеміне қарай топтастыру, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: Балаларды түрлі – түсті қарындаштармен жіп орамының суретін салуға, қарындашты қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүстені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету. Үлкенге деген құрмет сезімге баулу. Балалардың қол қимылдарының қозғалыстарын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақ: «Сәбиге арналған сылдырмақ» Мақсаты: Балаларға ермексазды алақан арасына салып, дөңгелету арқылы дөңгелек жасауды және ретімен қоюды, сылдырмақ жасауды үйрету. Балаларға ермексаз мүсіндерді ауыстыруға үйрету. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішіге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. Музыка. Тақырыбы: «Әжем» Ж.Мұхамеджанов Мақсаты: Отбасы мүшелерін білуге үйрету. Әуенге байланысты қимыл жасау, ойынға белсене араласуды қадағалау.

II апта	Менің көшем. Мен тұратын үй.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балақайлардың үйшігі» Мақсаты: Балаларды өз жанұя мүшелерін атай білуге, өз отбасы жайлы әңгімелеу. Балаларды қатарда жұппен жүруге, нұсқаушының нұсқауымен тапсырмаларды орындауға үйрету, доғаның астымен төрттағандап жүру, шағын жерде жүруде тепе – теңдікті сақтау дағдыларын жетілдіру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ата әжеге барар жолда» Мақсаты: Балаларға ата әжелерін құрметтеуге тәрбиелей отырып, шектелген жолдар бойымен жүріп, ектелген жолдар бойымен жүруге үйрету. Басқа балалармен бірге бірлесіп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Маша қонаққа келді» Мақсаты: Балаларды өз жанұя мүшелерін атай білуге, өз отбасы жайлы әңгімелей отырып, Машамен бірге серуендей отырып, қыл көпірден еңбектеу. Аяқ іздерді басып, құлап кетпей жүру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шұбар тауық» Мақсаты: Балаларды ертегіні тыңдай білуге үйрету, балаларды кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс – тұрысын талдауға, оларға баға беруге үйрету арқылы ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің көшем» Мақсаты: Балаларға өздерінің тұратын көшелері туралы түсінік бере отырып, әңгімелесу, балалардың жағымды эмоциясын және өз үйі жайында әңгімелеуге ынтасын тудыру. Құрастыру Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтың ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарды кеңістікте орналастыра білу.	Сурет салу Тақырыбы: «Біз қыдыруға барамыз» Мақсаты: Балаларға саусақтар көмегімен іздерді салу әдісін үйрету. Саусақ бұлшықеттерін және қимыл – қозғалыстарын жетілдіру. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Жүгіреміз, жүреміз» Г.Абдрахманова Мақсаты: Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, балалардан көшелері туралы сұрау. Өнді таза, сөзін анық айтуға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу» 2. Музыка Тақырыбы: «Жүгіреміз, жүреміз» Г.Абдрахманова Мақсаты: Өнді қайталату, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу»
---	--	--	---	--	--

III апта	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Сызықты басып кетпе» Мақсаты: Балаларды қатарда жұппен жүруге, нұсқаушының нұсқауымен тапсырмаларды орындауға үйрету, доғаның астымен төрттағандап жүру, шағын жерде жүруде тепе – теңдікті сақтау дағдыларын жетілдіру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ирек жолмен жүру» Мақсаты: Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру. Шектелген жолдар бойымен жүруге үйрету. Басқа балалармен бірге бірлесіп қимылдар орындау дағдыларын қалыптастыру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аяқ іздерін басып, құлап кетпей жүру» Мақсаты: Балалардың қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін кеңейту. Машамен бірге серуендей отырып, қыл көпірден еңбектеу. Аяқ іздерді басып, құлап кетпей жүру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа келді» (ыдыстардың қауіпсіздігі) Мақсаты: Ыдыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру, қауіпті заттар мен қауіпсіз жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету, балаларды байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Абайла, балақай!» Мақсаты: Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету. Баланы мұқият болуға тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Қуыршақ Айгүл қонақ күтуде» Мақсаты: Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру: «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Көше шамдары» (саусақпен сурет салу) Мақсаты: Балаларды саусақпен сурет салуға үйрету, қызыл қағаз бетіне бірқалыпты таңба сияқты бояуды жағу арқылы сурет салуға деген қызығушылығын, жақсы көзқарасын дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Қиылған кесінділерді тәрбиешінің нұсқауымен түстеріне қарай, түстердің үйлесімділігін сақтай отырып орналастыруға және ұқыпты жімыс жасауға үйрету. Музыка Тақырыбы: «Машина» К.Қуатбаев Мақсаты: Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра қимыл жасауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Полька» қосарлана билеу.
--	--	---	---	--	---

IV апта	Алтын күз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алақай, күз келді!» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айта білуге, әңгімелеуге тәрбиелеу. Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көгалда серуендейміз» Мақсаты: Балалардан күз мезгілінің ауа райын сұрау. Сызықтармен шектелген (ені 25 см, ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру. Қол тигізгенге дейін секіру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бақшада» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айта білуге, әңгімелеуге тәрбиелеу. Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен (ені 25 см, ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» (өлең) Күләш Ахметова Мақсаты: Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру. Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету. Өлеңді жаттау арқылы сөйлеу тілін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Бақшадағы көкөністер» Мақсаты: Балаларды жылдың «күз» мезгілі және оның ерекшеліктерімен (жаңбыр, жапырақтар сарғайып түседі, жаңбыр жауады т.б) таныстырып, табиғат құбылыстарына қызығушылығын арттырып, әдемілікті сезінуге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. Көргендерін суреттен беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айта білуге бейімдеу. Балаларды көкөніс түрлерімен таныстырып, оларды бір – бірімен түсі, пішіні, дәмін ойын арқылы ажырата білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі, оның ерекшеліктері, түстер туралы түсінік бере отырып, қима қағаздан жапырақтарды тәрбиеші көмегімен құрастыруды дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Жаңбыр тамшылары» Мақсаты: Балаларға қылқаламды сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету. Қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл қозғалыстарын дамыту, ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Апорт деген тәтті алма» Н. Әлімқұлов, Д. Ботбаев Мақсаты: Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік беру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жемістер мен көкөністер» 2. Музыка Тақырыбы: «Бұл алтын күз» А. Досмағамбетова Мақсаты: Күз туралы балаларға толығымен түсіндіру, әнді қайталату. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қолшатыр» биі
---------	-----------	---	---	--	---

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Қараша айы, 2021 жыл

Мақсаты: Балалардың жемістер мен көкөністер туралы ұғымдарын қалыптастыру, денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Балаларға өзі және өзінің жағдайы, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту. Судың адам тіршілігі үшін қажеттілігін түсіндіру.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;
- Өздерінің дене мүшелері(қол,аяқ,бас,көз,құлақ, т.б)олардың атқаратын қызметтері туралы түсінедіжәне оларды айтып береді.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта	Пайдалы көкөністер	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бау-бақшаға серуен» Мақсаты: Табиғат туралы жалпы түсінік беру.Айналмалы жолмен жүру. Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Жапырақтармен айналу.Вестибулярлық аппараттарын дамытуды жалғастыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көкөністерді жинаймыз» Мақсаты: Балаларға күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру, көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Өртүрлі бірақ бір түсті заттарды бөліп алуға жаттықтыра отырып көкөністерді жинау, бір жолмен 3м ге жүгіру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бау-бақшада» Мақсаты: Көкөністер туралы білмідерін кеңейту.Бір -біріне доп домалатуды үйрету.Жерде жатқан жіптен қос аяқпен секіру дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қалта» (дидактикалық ойын) Мақсаты: Балаларға көкөністер туралы түсініктерін кеңейте отырып, адам денсаулығына пайдасы жайлы түсіндіру, олардың құрамы дәруменге бай екені, суық тию ауруына шалдықпаудағы күресудің жолы екенін көрсету, сөйлеу кезінде сөзді анық айтқызу, сұрақты тыңдап дұрыс жауап беруге тәрбиелеу, сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы: « Бақшада не өседі?» Мақсаты: Көкөністер, олардың түстері, жинап алатын мезгілі туралы түсіндіру. Күнделікті тамаққа жиі пайдаланатын қияр мен қызанақ туралы әңгімелеу, оларды күтіп – баптауға баулу. Сенсорика Тақырыбы: «Көкөніс толы себет» Мақсаты: Дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге, жазықтықта үлкен көлемді геометриялық пішіндерді салыстыра білуге қияр – сопақша, қызанақ – дөңгелек. Балаларды көкөніс түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Қияр» Мақсаты: Балаларды саусақ әдісі арқылы жолақ салуға үйрету. Қол моторикасын дамытып, сенсорлық өлшеммен түстерді білуін қалыптастыру. Бояумен жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қоянға арналған сәбіз» Мақсаты: Балаларға ермексазды алақан арасына салып есу арқылы, сопақша етіп мүсіндей білуге үйрету арқылы саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Көкөністер айтысы» А.Филиппенко. Өндеген: К.Ұбанұлы Мақсаты: Пайдалы көкөністер туралы айту. Өнді үйретіп, айтқызу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қатты және жәй» Ломова

II апта	Жеміс бағында	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Егінді жинаймыз» Мақсаты: Үлкендердің еңбектерің бағалай отырып пісіп жерге түскен жеміс жидектерді басып кетпей, қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүріп дәмді жемістерді теру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз табиғатта серуендейміз» Мақсаты: Балаларға табиғаттың қарапайым өзгерістерін бақылауға, күз мезгілінің құбылыстарын адырата білуге үйрету. Қол ұстасып жұппен жүру. 10 м арақашықтықта тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Алға жылжи отырып секіру. Допты тәрбиешіге қос қолмен домалату. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күзгі орман» Мақсаты: Балаларға қоршаған табиғатқа қамқорлықпен қарауға, маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту. Түзу жолмен , шектелген сызықтармен (ені 30см, ұзындығы 2м) жүру. Қол тигізгенге дейін секіру. Допты төменнен бастан асыра қос қолмен лақтыру. Тірек қимыл апараттарын нығайту .	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» (өлең) Рза Қунақова Мақсаты: Коммуникативті дағдыларын дамыту. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Жемістер туралы жалпы түсініктерін кеңейту. Жеміс пен көкөністің айырмашылығын ажырата білу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жемістер, олар қандай?» Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерімен таныстырып, олардың түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету арқылы алма, алмұртты тани білуге баулу. Табиғатты қорғауға баулу. Құрастыру Тақырыбы: «Алма мен алмұрт» Мақсаты: Екіге бөлінген затты орналастыра білуге үйрету, жемістердің пішінін, түсін ажырата білуге дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Вазадағы шие» Мақсаты: Балаларды шие жемісімен таныстыру. Сызылған контурдың ішіне бояуды саусақпен жағуға үйрету. Қызыл түсті тануды жалғастырып, баланың ұсақ қол моторикасын, көз мөлшерін дамыту. Сурет салуға деген қызуғушылықтарын жетілдіру. 1. Музыка Тақырыбы: «Апорт деген тәтті алма» Н.Әлімқұлов, Д.Ботбаев Мақсаты: Балаларды бірдей ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жемістер мен көкөністер» 2. Музыка Тақырыбы: «Апорт деген тәтті алма» Н.Әлімқұлов, Д.Ботбаев Мақсаты: Балаларға жемістер туралы түсіндіру. Өнді қайталату. Би қимылдарын көрсету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Саңырауқұлақтар» биі
---------	---------------	---	--	---	---

ІІІ апта	Өзім туралы. Мен кімін?	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз көңілді балалар» Мақ: Балаларға өздерінің адамдық тұлға екендігін түсіндіру. Өзін тани білуге, тәрбиелі болуға тәрбиелеу. Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан «шағын топпен » жүру. Отырып допты қос қолмен домалату. 3м төрттағандап еңбектеу. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді бірге жүру» Мақсаты: Балаларға өздері туралы, өздерін тануға тәрбиелеу. Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Отырып допты бір біріне домалату. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Өздігінен кедергілерден өте білуін дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бала, бала, баламыз» Мақсаты: Бала бақшада бір бірімен дос болуға тәрбиелеу. Шеңбер етіп қойылған жіптің бойымен жүру. Қол тиер тимес секіру. «Масаны ұста ». Сызықтар арасымен жүгіру. «Көпірден жүгіріп өт».	Сөйлеуді дамыту Тақ: «Өс - өс» (балдырғанның қол – аяғын созу, байғазы кітабы) Мақсаты: Балаларға дене мүшелерімен таныстыра отырып, оларды атап білу, өлең арқылы тілдерін дамыту, «өс - өс» балалардың дене мүшелерін, сергіту сәті арқылы ұйымдастыру.	Жаратылыстану Тақ:«Менің дене мүшелерім» Мақ: Балалардың өз дене мүшелерін атап, көрсете, білуге (қол, аяқ, бас, дене және бас бөліктері, көз, мұрын, ауыз, құлақ) дағдыландыру. Дене мүшелерінің ерекшелік терін үлкендердің - «қол көтер» т.б бағыттауы бойынша көрсете білуге тәрбиелеу. Мәдени – гигиеналық машықтарын қалыптастыру. Өзіне деген сенімділігін нығайтып, құрметі мен дербестігін арттыру. Сенсорика Тақ: «Ұзын - қысқа» Мақсаты: Ұзын – қысқа ұғымдарымен таныстыру, қашықтықтан заттарды ұзындықтары бойынша салыстыру, көз мөлшерін дамыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Менің көйлегім» Мақсаты: Балаларға саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен әшекейлеуге үйрету, ой – қиялын дамыту, іс - әрекет арқылы қимыл – қозғалыстарын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Мен адаммын» Мақсаты: Өзірленген ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне кеңістікті бағдарлай отырып, дайын пішінді дұрыс орналастыру арқылы адам бейнесін құрау. Музыка Тақырыбы: «Әнші болам өскенде» Д.Ботбаев, Е.Өтетілеуұлы Мақсаты: Өуені бір – бірінен ажырата білуді және оларды есте сақтауды, әнді бірқалыпты қарқынмен көңілді айтуға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: Би: «Жапырақтармен би»
----------	-------------------------	--	---	--	---

IV анта	Мөлдір су	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Өзеннен көпірден өту» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Көпірден қолдарын екі жаққа созып өту. Гимнастикалық орындық үстімен жүру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жолмен біз келеміз» Мақсаты: Балаларға денсаулық туралы тереңірек түсінік беру. Салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Заттарды айнала отырып жүру. 60 м баяу қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүру, балаларға өзін-өзі сылаудың қарапайым элементтерімен таныстыру, дені сау болу ниетіне тәрбиелеу. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қарағайлы орман» Мақсаты: Балалардың орман туралы түсініктерін жалғастыру, орманның қажеттілігін түсіндіру, орманшының атқаратын қызметін айту. Қол ұстасып жұппен жүру. 1 м арақашықтағы себетке оң қолмен бүршікті лақтыру. Гимнастикалық орындық үстімен жүру.	Көркем әдебиет Тақ: «Тазалықтың досы» өлең Мақсаты: Балаларды тазалыққа баулу, тазалық ерекшеліктерімен таныстыру, көрнекіліктер арқылы өлеңді мәнерлеп оқуға, барлық дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, есте сақтау қабілеттерін нығайту; Сылдырайды мөлдір су Мөлдір суға қолынды жу. Жусаң егер әрдайым Аппақ бетің – маңдайың. Тазалықтың досы – Су деген осы	Жаратылыстану Тақ: «Судың пайдасы» Мақсаты: Балаларға судың адам үшін де, жалпы тіршілік үшін де қажет екендігін түсіндіру. Суды үнемдеп пайдалану, суды ластауға болмайтындығы жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Табиғат байлығына қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру. Құрастыру Тақырыбы: «Сүлгі құрастыру» Мақсаты: Тазалық құралдарымен таныстыра отырып, қиындықтардан бүтін зат құрастыруға үйрету арқылы ұсақ қол моторикасын жетілдіру; есту, қабылдауды дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлейміз» Мақсаты: Тазалық құралдары туралы түсінік беру. Сүлгінің сұлбасын әсемдеуге үйрету. Бояуды дұрыс пайдалана отырып, негізгі түсімен сурет салуға жұмыстануын қалыптастыру, бастаған ісін аяғына дейін аяқтап, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Жаңбыр әні» Мақсаты: Балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсен» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Судың пайдасы туралы айту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз» 2. Музыка Тақырыбы: «Ақ бұлақ» И. Нүсіпбаев Мақсаты: Балаларға әнді қайталату. Өн арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз»
---------	-----------	---	--	---	---

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Желтоқсан айы, 2021 жыл

Мақсаты: Балаларды жиһаздар түрлерімен таныстыру, олардың қолдану аясын түсіндіру, киімдер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды заттық ортада қасиеттері мен сапасы туралы түсінігін кеңейту. Ыдыстарды қарау, зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының мезгіліне қарай өзгерістерін бақылауға дағдыландыру.

Міндеттері: - жиһаздардың қолдану аясымен түсіндіру;

- әр жыл мезгіліне арнап тігілген киімдердің айырмашылығын түсіндіру;

- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

- танымдық сипатта сұрақтар қою арқылы қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта	Қуыршақтың жиһаздары	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақ Айнұрмен қыдырамыз» Мақсаты: «Айнұрдың үйіне дейін жолмен жүру» түзу бағытта жүру. Гүлге дейін еңбекте төрттағандап жүру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақ Әселге бөлме жасау» Мақсаты: Бәрі бірлесе қуыршақ Әселге жердегі шашылып жатқан шаршыдан үй жасау, жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен (ені 25 см , ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру . 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршақтың керуеті» Мақсаты: Балаларға қуыршақтың керуетін көрсетіп таныстыру. Түрлі бағытта жүгіру. Қол тигізгенге дейін секіру «Масаны ұста ». Шеңбер болып жатқан жіптің бойымен жүру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақтың бөлмесі» Мақсаты: Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту, қойылған сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, дыбыстарды, сөздерді дәл айтуға үйрету.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме жиһаздары» Мақсаты: Балаларға үй жиһаздары және олардың қажеттілігі туралы түсіндіру. Үй жиһаздарының бірі – төсек, оның түрлерімен таныстыру, бөлме заттарын ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Бөлме жабдықтаймыз» Мақсаты: Қонақ бөлмені жабдықтауда жұмсақ және қатты жиһаздармен таныстыра отырып, оларды бір – бірінен ажыратуға, топтастыруға, атын атауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Орындық» (табуретка) Мақсаты: Балаларды жиһаздармен таныстыруды жалғастыру, сопақша және түзу сызықты сыза білуге үйрету, ұсақ қол моторикасын және кеңістікті бағдарлай білуін дамыту. Әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған диван» Мақсаты: Балаларды ермексазды шымшып үзіп алуға және сопақ, жұмыр мүсіндер сомдауға жаттықтыру; оларға сопақтау, илеу, жалпақтау жолдарымен мүсіндеу тәсілдерімен үйрету арқылы қызығушылықтарын арттыру, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру. Музыка Тақырыбы: «Бесік жыры» М.Әубәкіров, С.Қалиев Мақсаты: Ырғақты сезіне білуге, ән тыңдауға баулу, көңіл күй сезімін ояту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді би»

II апта	Қуыршақтың киімдері	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қуыршаққа қонаққа барамыз» Мақсаты: Жол бойымен жүріп, қуыршаққа қонаққа барамыз. Тәрбиешінің соңынан «Шағын топпен» жүру «Қуыршаққа қонаққа барамыз». «Қуыршақты қуып жет» тапсырмалар арқылы жүгіру. Бір орында қос аяқтап секіру. Жағымды эмоция алу үшін, ойыншықтармен ойнау ниеттері үшін жағдай жасау. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойнағанды жақсы көреміз» Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. 3 м төрттағандап еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аружан қуыршағы» Мақсаты: Балаларға Аружанның қуыршағының киімдерін таныстыру. Түрлі бағытта жүгіру. Қол тигізгенге дейін секіру «Масаны ұста ». Шеңбер болып жатқан жіптің бойымен жүру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Киім дүкені» Мақырыбы: Желілік ойын арқылы балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Бір - екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа баулу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз» Мақсаты: Балалардың киім туралы түсініктерін анықтату, киім атауларын бекіту, киім кию реттілігін есте ұстауға үйрету, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру арқылы әдемілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Киім сөресі» (құрылыс материал) Мақсаты: балаларға киімдер туралы түсінік бере отырып, құрылыс материалдарынан киім көресін құрастыруға үйрету, педагогтың шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте орналастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Мойынорағышты әшекейлеу» Мақсаты: Саусақпен сурет салу әдісімен таныстыру. Балаларды саусақты бояуға малып, ұсынған пішін бойынша із қалдыру. Қызыл түсті тануға үйрету арқылы жұмыс жасауда ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Көңілді қуыршақтар» Г.Жотаева Мақсаты: Музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз» 2.Музыка Тақырыбы: «Көңілді қуыршақтар» Г.Жотаева Мақсаты: Балалардың әнді қайталата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ырғақты сезінуге тәрбиелеу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қуыршақпен билейміз»
---------	---------------------	---	--	--	---

III апта	Ыдыстар	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ыдыстармен қуыршақтарға тамақ береміз» Мақсаты: Ыдыстармен қуыршаққа қалай тамақ беретініміз жайлы әңгімелесу. (Машаға қонаққа бару) 20 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. Бір жағы еденнен 15 см биіктікке көтерілген тақтайшаның үстімен жүруді қалыптастыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шелек» Мақсаты: Балаларға ыдыстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, (Аружан қуыршағына шелекпен су тасу) қолды екі жаққа созып жүру, секіру дағдыларын қалыптастыру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әсел қуыршақпен ойнаймыз» Мақсаты: Балалармен Әсел қуыршақты ойнатып, қол ұстасып жұппен жүру, жүгіру, секіруді жалғастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қоянның туған күні» Мақсаты: Балаларды ыдыстармен таныстырып, оларды ажырата білуге үйрету. Қонақ күту ережелерімен таныстыру. Балалардың сөздік қорларын дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қуыршақтың ыдыс – аяғын жуамыз» (дид. ойын) Мақсаты: Балаларды ыдыс – аяқ түрлерімен (кесе, шәйнек, тәрелке) таныстыра отырып, белсенді сөздік қорын дамыту, алғашқы түсінік қалыптастыру. Ыдыстарды қалай қолдану керектігін түсіндіру. Сенсорика Тақырыбы: «Үлкен – кіші кеселер» Мақсаты: Балаларға ыдыс – аяқты таныстыру, үлкен – кішіні айыра білуге үйрету, кеңістікті пайдалана отырып, ыдыстарды орналастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Тәрелкені әшекейлейміз» Мақсаты: Балаларды салулы тарелке суретіне ашық сызықшаны жағу, қылқалам темірінің шетінен нақты ұстап, түтінің ыңғайына қарай бояуды алып тегіс жағуға үйрету, негізгі түстерді ажырата білуге дағдыландыру. Жапсыру Тақырыбы: «Әдемі табақ» Мақсаты: Берілген дайын әртүрлі пішіндерден табақты әшекейлеуге үйрету, қағаз бетіне дұрыс қоюға үйрету, ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында» К.Қуатбаев, А.Асылбеков Мақсаты: Музыканы сезіну және жаттығулар жасауға үйрету. Аудио – бейне таспадан ән тыңдауға, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысқа бейімделуге, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Хоровод» көңілді әуен. Аспапта ойнау: «Қасықтармен би»
----------	---------	---	--	--	---

IV апта	Ғажайып қыс	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қандай суық қыс деген?» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту.Қол ұстасып жұппен жүру,бір орында тұрып қос аяқтап секіру,арақашықтығы 50см жерден ересектерден допты тосып алу, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік беретін түрлі бұлшық ет топтарын нығайту . 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аққалаға қонаққа барамыз» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшелігіне тоқталып, қыс көрінісін көз алдарына елестету. Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан « Шағын топпен » жүру «Аққалаға қонаққа барамыз»Түрлі бағытта жүгіру « Қар жауып тұр ». Түзу қойылған жіптің бойымен жүру.бірлесіп ойнаудың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аппақ қысым» Мақсаты: Қыс мезгілінің ойындарын әңгімелеуге үйрету.Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Алға жылжи отырып секіру. Түрлі бағытта жүгіру «Допты қуып жет».	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» (өлең) Абдрахман Асылбеков Мақсаты: Ақын туындыларына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: қалтырайды, ағарады, қар, қыс, үлбіреген, аққала сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын кеңейту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көңілді қыс» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, жылы киініп, шанамен сырғанап, аққала жасайтын көңілді қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту, Тақырыпқа сәйкес жұмбақ шешкізіп, балалардың зейінін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, әртүрлі көлемдегі дөңгелектерден кеңстікті дұрыс пайдалана отырып, пішіндерді орналастыру, құрастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды» Мақсаты: Қыс мезгілдері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. Бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін көк түсті қағазға гуашты пайдалана отырып салуға үйрету. Сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Ақша қар» К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, ырғақты сезінуге тәрбиелеу. Қыс қызықтары туралы айту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Ұлпақарлар» 2.Музыка Тақырыбы: «Ақша қар» К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов Мақсаты: Балаларға Жаңа жыл, Аяз ата, Ақша қар туралы түсінік беру. Ән - әуенге қызығушылығын арттыру, көтеріңкі көңіл – күй сыйлау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Ұлпақарлар»
---------	-------------	---	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Біздің кіші достарымыз»

Қаңтар айы, 2022 жыл

Мақсаты: жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру; жануарлар мен құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу; оларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін ажыратып, атай білуге үйрету;

Міндеттері:

- жануарларға деген қамқорлық сезімдерін сездіру;
- олардың немен қоректенетінін, дауыстарын қалай шығару керектігін атату;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ойын тәсілдері арқылы ой қиялдарын дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта	Ауладағы құстар (үй құстары)	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тауық пен балапандар» Мақсаты:Балаларға үй құстарына қамқорлық көрсету қажетілігі туралы түсініктерін қалыптастыра отырып шашырай жүру мен жүгіруге үйрету жұмысын жалғастыру. Төрттағандап еңбектеуге үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қаз балапандарымен» Мақсаты:Түрлі бағытта жүру «серуендейміз».сызықтар арасымен (сызықтар арасының арақашықты 25см) жүгіру.20 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрт тағандап жүру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үйректерге жем шашамыз» Мақсаты: Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан « Шағын топпен » жүру « Үйректерге қонаққа барамыз» .Түрлі бағытта жүру « Үйректерге жем шашу ». Түзу қойылған жіптің бойымен жүру.бірлесіп ойнаудың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қайырымдылық» (әңгіме) Д.Данабеков Мақсаты: Балаларға құстар жөнінде білім беруді жалғастыру, әңгіме кейіпкерлеріне жанашырлық білдіру, құстарға қамқорлық болуға тәрбиелеу арқылы құстарға деген қамқорлық сезімдерін сездіру. Ауызша сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй құстары: тауық, әтеш, балапан». Мақсаты: Балаларды үй құстары тауық, әтеш, балапандар туралы білімдерін кеңейтіп, оларды бір – бірінен ажырата білу. Құстардың пайдасына тоқталу, қамқорлық жасауға үйрету. Сенсорика Тақырыбы: «Әтешті құрастырамыз» Мақсаты: Көлемі бойынша сақиналарды таңдай отырып, пирамиданы жинауға үйрету, үлкен және кішкентай сақинаны тапқызу, ұжымдаса әрекет ете отырып, пирамиданы жинауды орындату, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Балапандарға арналған жол» Мақсаты: Балаларды бірқалыпты үлкен қимылмен кез – келген бағытта салуға үйрету. Қылқаламды оң қолдың үш саусағымен қысып ұстап, қағаз бетіне сызықтарды түсіруді үйрету арқылы өз жұмысының нәтижесін сезініп, риза болуға ынталандыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Әтешке арналған қоршау» Мақсаты: Домалақталған ермексазды екі алақанымен есу арқылы сопақшалап, қоршауға баған жасауға болатыны туралы балаға мағлұмат беру; ойын арқылы мүсіндеу қабілеттерін жетілдіру. Үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Балапандар» Ж.Молдажанова Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін дамыту. Үй құстары туралы түсінік беру. Музыкалық – ырғақты қимыл: Би: «Көңілді би»

П апта	Үй жануарлары	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Үй жануарларына саяхат» Мақсаты: Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Төлдер айтысы» Мақсаты: Балаларды өлең мазмұнымен таныстыру. Шығарманы тыңдау арқылы үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру. Олардың аттарын дұрыс атап, төлдерін ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына деген мейірімділікке, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Әжемнің ауласында» Мақсаты: Балаларды үй жануарларымен (сиыр, ешкі, мысық, ит т.б), олардың дене мүшелерімен, шығаратын дыбыстарымен, қоректену тәсілдерімен, келтіретін пайдасымен таныстыру. Олардың аттарын дұрыс атап, төлдерінің дыбыстарын ажырата білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Қошақандарға шөп береміз» Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып, қысқа сызықтарды бір – біріне жақын салуға үйрету, саусақ бұлшықеттерін, қол – қимыл қозғалыстарының икемділіктерін дамыту, үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстауын дамыту. Ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу.
		3. Дене шынықтыру Тақырыбы: « Көгалда серуендейміз» Мақсаты: Сызықтармен шектелген (ені 25 см, ұзындығы 2 м) түзу жолмен жүру.Қол тигізгенге дейін секіру. Допты кеудеден қос қолмен лақтыру.		Құрастыру Тақырыбы: «Жануарларға арналған аласа қаша» Мақсаты: Жануарларға арналған аласа қаша тұрғызу, кірпіштерді жіңішке ұзын қырларымен қалау арқылы тік бұрышты құрылма құрастыруды үйрету.	1.Музыка Тақырыбы: «Құлыншақ» Е.Ташенов Мақсаты: Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету. Әуеннің ырғағына сай басып жүруге, жүтіруге дағдыландыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қоян биі» В.Питерцев
				2.Музыка Тақырыбы: «Құлыншақ» Е.Ташенов Мақсаты: Әнді еске түсіріп, қайталап айтқызу. Үй жануарлары туралы балаларға түсіндіру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қоян биі» В.Питерцев	

III апта	Орманда нелер мекендейді? 1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Маймылдар» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық қабырғаға өз бетімен жоғары, төмен өрмелеу «маймылдар». 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аюдың апанында» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүгіру. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Көрсетуге сәйкес қимылдарды орындауға үйрету. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақ қоян» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүгіруге, жіптен (Қоян тәрізді) секіруге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеп беру Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнын тыңдауға және түсінуге үйрету, педагогтың қойған сұрағы бойынша белсенді тілін дамыту. Бауырсақпен кездескен аңдарды есіне сақтап, аңдар туралы түсінік беру, олардың тіршілігі туралы әңгімелесу. қойған сұраққа сөзбен, сөйлеммен жауап беруге, 3-4 сөзден тұратын сөйлем құрап айтуға дағдыландыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Мақсаты: Балаларға жабайы аңдар туралы түсінік беріп, оның ішінде аю, түлкі. Қасқыр, қоянмен жақын таныстыру. Олардың не себепті жабайы аңдардың қатарына жататындығын түсіндіру, олардың тіршілігі туралы әңгімелесу. Аңдарға, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға баулу. Сенсорика Тақырыбы: «Көжекті жасыр» Мақсаты: төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету, түстері бойынша нысандарды топтастыру дағдысын бекіту, сары, көк, жасыл, қызыл түстермен балаларды таныстыруды жалғастыру, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	Сурет салу Тақырыбы: «Маймақ маң-маң басады» Мақсаты: Аюдың ізін қылқаламмен, қарындашпен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту. Қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян» Мақсаты: Қиылған кесінділерді қағаз бетінің кеңістігіне дұрыс орналастыру арқылы балаларды талғампаздыққа тәрбиелеу. Ұқыпты жұмыс жасауға баулу. Музыка Тақырыбы: «Ақ қоян» Д.Қиқымов Мақсаты: Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. Орманда мекендейтін жануарлар туралы түсінік беру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді шыршалар»
-----------------	--	---	---	--

IV апта	Құстар біздің досымыз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Торғайлар» Мақсаты: Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру « таяқшалардан аттап өт». Тапсырма арқылы жүгіру «торғайлар мен автомобильдер» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «батбақтағы көк» 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қарлығаш» Мақсаты: Жылжымалы қадаммен алға қарай жүгіру. Гимнастикалық қабырғаға өздерінің тәсілі бойынша өрмелеу.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Ертегіні түсіндіру, балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс – тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар – біздің досымыз» Мақсаты: Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, оның ішінде торғай, көгершін, қарлығашпен жақын таныстыру. Суреттер бойынша әңгімелеп, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға, көмек бере білуге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Құстарға арналған ұя» Мақсаты: Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту, дағдыландыру. Балаларды құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Торғай» Мақсаты: Дала құстары туралы түсініктерін нығайту, дайын дөңгелектерге үшбұрыш пішіндер арқылы ұсақ бөлшектерін толықтыра сурет салуға үйрету. Құстарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Торғай» А.Райымқұлова Мақсаты: Қыс, құс туралы толық түсінік беру. Әнді таза, анық айтуға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Сылдырмақпен би» 2.Музыка Тақырыбы: «Торғай» А.Райымқұлова Мақсаты: Әнді қайталап, еске түсіру. Әуен арқылы құстардың дыбысын ажырату Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз»

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Ақпан айы, 2022 жыл

Мақсаты: Балаларға көліктер туралы түсініктер айту, олардың түрлерімен таныстыру арқылы өздерін қоршаған орталары туралы ұғымдар беру, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері: -қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;

- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;

- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта	Көліктер	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Автомобильден сақтан» Мақсаты: Жылжымалы қадаммен он жаққа қарай жүру. Екі паралель жатқан сызықтан (20см) (ордан секіріп өту) секіру. Биіктігі 15 см текшеден аттап өту ,балаларға өзін өзін сылаудың элементтің үйрету, сылау-бұл денсаулыққа пайдалы екендігі туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көңілді поезд» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Тәрбиешіге допты лақтыру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұшқыштар» Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру . Дөңгелене қойылған жіптің бойымен жүру . Түрлі бағытта жүгіру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Көліктер» (сурет бойынша) Мақсаты: Суретте бейнеленген ойыншықтардың өзіне тән дыбысталуын, баланың белсенді сөздік тілін реттік сөздерді тыңдап, қабылдауын дамыту. Сөздік қорын кеңейтіп, сөйлемді аяғына дейін айтуын қадағалау.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көліктер. Автобус» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы білім беру, автобус көлігімен таныстыру. Көліктерді салыстырып, ортақ белгілері мен айырмашылығын тауып, көшеде жол ережесін сақтай білуге үйрету. Сенсорика Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: Балаларға бағдаршамды таныстыра отырып, үш түсті танып, ажырата білуге үйрету, балаларды жолда жүру ережесіне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру, бағдаршамның 3 түсін рет – ретімен қоюға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Машинаның дөңгелектері» Мақсаты: Машинаның дөңгелегін қарындаш арқылы салуға үйрету. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін, қыптылықпен сурет салуын дамыту. Ойыншықтарды күтіп, мұқият ойнауға тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Балаларға қуаныш сыйлау; эстетикалық түйсікті жаттықтыру, ой-өрісін кеңейту, ұшақты мүсіндеуге үйрету. Тілдерін дамыту, саусақтың ұсақ бұлшықеттері қимылын жетілдіру; кішкентай нәрселер жасауға ынтасын арттыру. Музыка Тақырыбы: «Пойыз» Ж.Тұрсынбаева Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Гүлдермен би»

II апта	Мамандықтың бәрі жақсы	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен болашақ спортшымын» Мақсаты: Түрлі мамандықтар иелері, олардың атқаратын қызметтері туралы түсініктерін кеңейту, олардың қолданатын құралдары, адам өміріндегі мамандықтың маңыздылығын түсіне білу. Мақсатқа жету үшін ойын барысында қалай әрекет ету керектігін түсіндіріп, шешім қабылдауға үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дәрігер болу арманым» Мақсаты: Балаларға әр мамандықтың түрлі және олардың қиыншылықтары мен күрделігін түсініп, сезіне білуге үйрету. Үлкендердің әр мамандық иелерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Ойындарды ойнауға және жаттығуларды орындауға қызығушылықтарын арттыру. Балардың заттық әлем туралы түсініктерін молайту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ұшқыш болғым келеді» Мақсаты: Балаларға әр мамандықтың түрлі және олардың қиыншылықтары мен күрделігін түсініп, сезіне білуге үйрету. Үлкендердің әр мамандық иелерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Балалардың зейінін дамыту; қимыл-қозғалыс тәжірибесін дамыту. Балалардың заттық әлем туралы түсініктерін молайту.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Аспаз» (өлең) Н. Әлімқұлов Мақсаты: Өлеңді есте сақтауға, тәрбиешіден кейін қайталауға үйрету. Балаларды әдептілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Кімге не қажет?» (дид. ойын) Мақсаты: Балаларды мамандықтар туралы айта келіп, дүкенші, дәрігер мамандықтарының негізгі кәсіптерімен таныстыруды жалғастыру. Мамандардың еңбек құралдарымен, қалай пайдалану туралы түсінігін қалыптасыту, баланың есте сақтау, есту, зейінін дамыту. Құрастыру Тақырыбы: «Төбешік» Мақсаты: Құрылысшы мамандығы туралы түсінік беру, балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагог ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастырып, төбешік құрастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Тәтті кәмпиттер» Мақсаты: Мамандық иелерімен таныстыруды жалғастыру, дүкенші мамандығы туралы әңгімелей отырып, тәтті кәмпиттердің суретін салуға үйрету. 1. Музыка Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын» А. Досмағамбет Мақсаты: Мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру. Өнді анық айтуға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қатты және жәй» 2. Музыка Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын» А. Досмағамбет Мақсаты: Өнді анық айтқызып, қайталату Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қатты және жәй»
---	--	---	--	--	---

III апта	Музыкалық аспаптар	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балалардың сүйікті саз аспабы» Мақсаты: « Сылдырмақты тап » тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Алға жылжи отырып секіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында жағымды әсерлерін дамытуға мүмкіндік беру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әуен ырғағымен сүрлей жолмен барамыз» Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер бойымен жүру.Алға жылжи отырып секіру. Сызықтармен шектелген түзу жолдармен жүру. Дене бөліктерімен таныстыруды жалғастыру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің көңілді, сыңғырлаған добым» Мақсаты: Тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. «Допты қуып жет» тапсырмалар арқылы жүгіру. Айналма жолдармен жүру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бұл қандай аспап?» Мақсаты: Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру. Аспаптарда ойнау, тыңдау, сұрақ – жауап арқылы әңгімелеу. Олардың пішінін, түсін білуге үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ұрмалы аспаптар» Мақсаты: Балаларға ұрмалы аспаптар түрлері туралы мағлұмат бере отырып, олардың әрқайсысының дыбыстарын бір – бірінен ажырата білуге үйрету. Түр, түсін, қасиетін сипаттай білу. Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді аспаптар» Мақсаты: Кеңістік қатынастармен танысу, жоғары – төмен сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету, педагог соңынан қайталап айту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, естіп, қабылдауды дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Сылдырмақ» Мақсаты: Балаларға музыкалық аспаптар туралы түсінік бере отырып, дөңгелек пішін арқылы сылдырмақтың суретін салуға үйрету, әсемдік талғамын дамыту. Жапсыру Тақырыбы: «Түрлі-түсті сылдырмақтар » Мақсаты: Сылдырмақтарды түр-түсіне қарай орналастыра тізбектеуге үйрету. Қиылған сылдырмақтарды дұрыс орналастыруға, түстерді ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Музыка Тақырыбы: «Қасиетті домбыра» Б.Бейсенова Мақсаты: Музыкалық аспаптар туралы айтып, музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді ырғақ»
--	--	---	---	--

IV апта	Ойнаймыз, танимыз, зерттейміз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аяқпен топ-топ» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «батбақтағы көк» 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: « Біз шапшаң быз» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру.Жіптен секіріп өту. Баланың кеуде тұсынан к ерілген арағашықтығы 1 м жіптен допты асыра лақтыру.Дене сапасын дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің қолымыздан келеді» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу. Алға жылжи отырып секіру . Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Телефон» (өлең) Корней Чуковский Мақсаты: Балаларға байланыс құралы туралы түсінік беру, көркем сөзге деген көңіл – күй деңгейлерін дамыту, кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеу көркемдігі мен рөлді орындау қабілеттерін қалыптастыру, ідептілікке тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қар» (зерттеу) Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсіндіру. Қарды сипаттау арқылы тәжірибе жасау, зерттеу жүргізу. Жұмбақтар шешу арқылы ой - өрістерін дамыту, табиғатты қорғап, аялай білуге тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Қар кесегі» Мақсаты: Балаларды қағаз түрімен, қасиетімен таныстыру, майлықты умаждау арқылы қар кесегін жасауға дағдыландыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Сиқырлы бояулар» Мақсаты: Түрлі – түстерді қолдана отырып, сурет салуға үйрету, бояуларды араластыру арқылы алақанмен қанық түстерді шығаруды үйрену. 1.Музыка Тақырыбы: «Біз ойнаймыз, ойнаймыз» Өні мен сөзі: М.Дауылбаев. Мақсаты: Көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдылану, көтеріңкі көңіл – күй сыйлау Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз» 2.Музыка Тақырыбы: : «Біз ойнаймыз, ойнаймыз» Өні мен сөзі: М.Дауылбаев. Мақсаты: Музыка мен қимылдарды үйрету. Өнді қайталату. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жүгіреміз, жүреміз»
---------	-------------------------------	--	--	---	--

Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер және фольклор»

Наурыз айы, 2022 жыл

Мақсаты: Балаларды 8 -наурыз Халықаралық аналар мерекесі туралы түсінік беріп және мерекелік көңіл күй сыйлау. Театр әлемі, ертегілер еліне саяхат жасау арқылы балалардың сахналық қойылымға деген қызығушылықтарын арттырып, ертегі түрлерімен таныстыру.

Міндеттері:-ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;

-шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
-------------	----------------	---	---	--	--

І апта	Анамды мен сүйемін	1. Дене шынықтыру Тақ: «Анамызға қонаққа барамыз» Мақ:Балаларды «Аналар күні » мерекесімен және ананы құрметтеуге тәрбиелеу. «Анамызға қонаққа барамыз » Жүруден жүгіруге ауысу « Поезд». 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әжемiзбен барамыз» Мақсаты: Түрлi бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет тыныс алу жаттығуларын дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ана және мен» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. Жіптен секіріп өту.Баланың кеуде тұсынан к ерілген арағашықтығы 1 м жіптен допты асыра лақтыру.Дене сапасын дамыту.	Сөйлеуді дамыту Тақ: «Анамызға не сыйлаймыз?» Ақұштап Бақтыгереева Мақ: Балаларға 8- Наурыз аналар мерекесі туралы мағлұмат беру және мерекеге қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорды жаңа сөздермен толықтыру, сөйлеу тілін дамыту, грамматикалық тұрғыдан сөйлемдерді дұрыс құруға үйрету, аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Әжемді құттықтаймын» Мақсаты: Балаларға көктем мезгіліндегі алғашқы сегізінші наурыз мерекесімен таныстыру, аналарды қадірлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Сақинаны ал» Мақсаты: Балаларға заттық – жабдықтық әрекетті қалыптастыру, таяқтың көмегімен түрлі – түсті заттарды өзіне қарай жылжыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақ: «Сауыттағы гүлдер» (анаға сыйлық) Мақ: Аналар мерекесі туралы әңгімелей отырып, дөңгелектермен, шеңбермен гүлдерді салу арқылы бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақ: «Анама арнап құймақ пісіремін» Мақсаты: Балаларды қамырмен жұмыс жасауға үйрету. Балалардың ой-өрісін арттыру мақсатында ермексаздың кішкене бөлігін алақанмен жабыстыру арқылы жалпақ пішін жасауды және саусақпен жәй ғана басуды үйрету. Музыка Тақырыбы: «Мамамның мерекесі» Н.Тілендиев Мақсаты: Музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, ән айту іскерліктерін дамыту. Ана туралы түсінік беру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу»
--------	--------------------	---	--	--	---

II апта	Ертегілер елінде. Театр әлемі	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ертегілер еліне машамен кездесу» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет тыныс алу жаттығуларын дамыту. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. Жіптен секіріп өту. Баланың кеуде тұсынан к ерілген арағашықтығы 1 м жіптен допты асыра лақтыру. Дене сапасын дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аю мен маша бізде қонақта» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «батбақтағы көк»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (ертегі) Мақсаты: Балаларды ертегіні мұқият тыңдауға, оның мазмұнына эмоционалды үн қатуға, үлкеннің көмегімен ешкінің әнін орындауға және сөзін айта отырып, ертегі мазмұнын жеткізе алуға үйрету, ертегі кейіпкерлеріне жанашыр болуға тәрбиелеу. Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Театр әлеміне саяхат» Мақсаты: Балаларға театр туралы түсінік бере отырып, олардың әртүрлілігі туралы мағлұмат беру, ертегі бұрышындағы кейіпкерлермен таныстыру арқылы балаларды ертегі еліне қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорларын молайту. Тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Балаларды ертегі кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс-тұрысын талдауға. Оларға баға беруге өзінің көз-қарасын білдіруге үйрету. Құрастыру Тақырыбы: «Саусақ театрына арналған сақиналар» Мақсаты: Балаларды үлкендер көмегімен жолақшалы сақиналар құрастыруға үйрету, қағазбен жұмыс жасауға үйрету, театр әлемі туралы түсінік беруді жалғастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Бауырсаққа арналған жол» Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыра отырып, қылқаламмен бауырсаққа арналған жолды түзу сызық арқылы салу дағдысын қалыптастыру арқылы жұмыс істеу дағдыларын бекіту, саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Әжем айтқан ертегі» И.Нүсіпбаев Мақсаты: Музыкаға деген қимылдардың мәнерлілігін қабылдауға үйрету. Жаттығулардың, билердің, ойындардың қабылдауын дамыту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көктем аруы» 2.Музыка Тақырыбы: «Әжем айтқан ертегі» И.Нүсіпбаев Мақсаты: Балаларға әнді қайталатып, ертегі әлеміне саяхат жасау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көңілді би»
--	--	--	--	--	---

III апта	Әжеге қонаққа барамыз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Киіз үйге әжеге қонаққа келу» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Тапсырма арқылы жүгіру домалаған заттарды қуып жету. «допты қуып жету ». Екі сызықтан аттап өту 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жайлауда» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. 60 м« баяу қарқынмен жүгіру. Ені 10 см болатын жолдан секіру. « Ордан секіріп өту» бір біріне кедергі жасамай, хабарлай отырып ойнауға тәрбиелеу. Шыдамдылықты дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің сүйікті ақ әжем» Мақсаты: (Әжесімен бірге ойнау) Заттарды айнала отырып жүру 60 м баяу қарқынмен жүру, екі сызықтан аттап өтуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Әлди, әлди - ай» Мақсаты: Балаларға бесік жырын айтуда, сөйлеу тілін, мазмұнын тақпақпен жеткізуде белсенді сөздік қорын дамытып, қуыршақтың артистік қимылын көрнекі мысалмен келтіріп қызықтыру. Ойыншықтарды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Жақын адамдарына деген мейірімді қарым-қатынас жасауға көмектесу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Наурыз келді» Мақсаты: Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігін түсіндіру, мерекелік тілектер, дәстүрлер туралы түсінік беру, балаларды халқымыздың салт – дәстүрлерін қадірлей білуге тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі – түсті асықтар» Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын құралы асықпен таныстыру, оларды түстеріне қарай топтастырып, орналастыруға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Әженің тостағанын әшекейлеу» Мақсаты: Бір сызық бойымен саусақпен тостағанды әшекейлеу, жалпы баланың ұсақ қол моторикасын дамытып, педагогтың көрсеткен әдісі бойынша жасай білуге үйрету арқылы сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру. Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Жапсыру Тақырыбы: «Әжемнің құрағы» Мақсаты: Геометриялық пішіндерден өрнектер құрастырып, әжейдің құрағына орналастыру әдістерін үйрету; элементтердің бірізділігі мен арақашықтығын сақтау. Музыка Тақырыбы: «Ақ әжем» Ж.Қалжанова Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Гүлдер биі»
--	---	--	--	--	--

IV апта	Мерекелік дастархан	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дәмді тағамдар» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру 35 секунд бойы тоқтамай жүгіру. Өзінің тәсілі бойынша Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ас атасы нан» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Секунд бойы тоқтамай жүгіру. 1м арақашықтық та допты себетке лақтыру. Көзбен өлшеу, нысанаға дәлдеу және тигізу іскерліктерін дамыту. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мерекелік көңілді көтеру» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру «поезд». Гимнастикалық таяқшалардан секіріп өту. Арақашықтығы м болатын себетке допты қос қолмен лақтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қонаққа келіндер» (өлең) Қ.Баянбаев Мақсаты: Суретке сүйене отырып, сөйлем құрау іскерлігін бекіту. Тақпаққа және кітаптағы суретке сүйене отырып, балаларды қазақтың салт – дәстүрімен таныстыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Мерекелік дастархан» Мақсаты: Наурыз мерекесі туралы түсінік бере отырып, ұлттық тағамдар туралы мағлұмат беру, олармен таныстыру, адамгершілікке, қонақжайлылыққа тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды уағдау арқылы белгілі бір затты жасауға болатынын түсіндіру, қағазбен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Дастарханды әшекейлеу» Мақсаты: Қылқаламды дұрыс ұстап, қозғалтып, түрлі – түсті қағаз бетіне дөңгелекті салуды жалғастыру. Сары түсті және дөңгелек пішінді білуін бекіту. Балаларды отбасылық мерекелер сыйластықпен қарауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Наурыз» А.Досмағамбетова Мақсаты: Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Шашақтармен би» 2.Музыка Тақырыбы: «Наурыз» А.Досмағамбетова Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беріп, әнді қайталату, музыкалық – ырғақты қимылды орындату. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушалар биі»
---------	---------------------	---	--	--	--

Сәуір айы, 2022 жыл

Міндеттері: Балаларды табиғатты аялауға өсімдіктер мен жәндіктерді, балықтарды күтіп баптауға үйрету, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сұрақ қою арқылы өз ойларын жеткізе білуге сөздерді анық айтуға баулу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта	Нұр төккен, гүл көктем	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көктемдегі гүлдер» Мақсаты: Балаларды жаңа жыл маусымы көктеммен және оның белгілерімен таныстыра отырып, заттарды айнала отырып жүру .60 м баяу қарқынмен жүгіру. 1 марақашықтыққа сол қолмен себетке бүршікті лақтыру . 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Тапсырмалар арқылы жүру: домалап бара жатқан допты қуып жету « Допты ұста » Денсапасын дамыту (күш, шыдамдылық, жылдамдылық). 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көктем кереметі» Мақсаты: Жүруден жүгіруге ауысу « Поезд». 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қош келдің, көктем!» Мақсаты: Балаларға күн жарқырайды, шөптер, жасыл жапырақтар, қар жоқ т.б белсенді сөздік қорын қалыптастыру. Көру арқылы есте сақтауына әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктемгі табиғат» Мақсаты: Балаларды көктемгі табиғатты бақылатып, оның ерекшеліктерін түсіндіру, табиғатта болатын көктемгі өзгерістер туралы түсінігін молайту, ерекшелігін ажырату. Табиғатты аялауға баулу. Сенсорика Тақырыбы: «Бақбақ гүлдер» Мақсаты: Фланеграфта түрлі – түсті геометриялық пішіндерді – шеңбер мен үшбұрышты орналастыруды үйрету, балалар назарын белгілі бір түстегі әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолдануы мүмкін екеніне айдару, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Күн» Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшелігімен таныстырып, балаларға қағаз бетіне сары түстен күннің шуағын сызықша арқылы қылқаламмен салуға үйрету, қылқаламмен дұрыс жағуға баулу, көркемдікті сезінуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі гүл» Мақсаты: Балаларға екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеуді, бөлшектерді түсі мен сәйкестігін сақтап, дұрыс орналастыруға үйрету. Гүлді алақан арасына домалақтау, сабағын тіке бағытта есу арқылы екі бөлікті біріктіру тәсілдерін меңгерту. Ойлауын дамыту, әдемілікті түсінуге, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Көктем келді» Ж.Мұхамеджанова Мақсаты: Балаларды көктем мезгілімен таныстыру, әнді үйрету. «Сылдырмақпен би»

II апта	Ағаштар	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қарағайлы орман» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру . 1м арақашықтағы себетке оң қолмен бүршікті лақтыру. Гимнастикалық орындықүстіменжүру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күн шуақ» Мақсаты: Жылжымалы қадаммен алға қарай жүру. 20 см биіктікке көтерілген тақтайша үстімен еңбектеу. Биіктік 25 см болатын орындық үстіне шығу , (онда тұрып қолды жан жаққа жіберіп тұру.) .дистибулярлық аппараттарын кеністікті бағдарлауын дамыту, дене бөліктері мен олардың міндеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Табиғат әлеміне саяхат» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу.Жылжымалы қадаммен алға қарай жүгіру. Алға жылжи отырып секіру . Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Торғай ағаш қорғайды» Мақсаты: Балаларға өлең жолдарын оқи отырып, балаларға ағаштарды аялай білуге тәрбиелеу, коммуникативтік дағдыларын жетілдіру; Шыр – шыр еткен торғайды, Қорғамасң болмайды. Кіп – кішкентай торғайлар Ағаштардан қорғайды.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштарға қамқорлық» Мақсаты: Балаларға ағаштар туралы түсінік бере отырып, шөптерден айырмашылығын ажырату, ағаштардың негізгі белгілері: діңі, бұтағы, жапырағы туралы білімдерін жетілдіру, әсемдікті сезініп, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Бірнеше бөліктен тұратын бірдей көлемдегі қағаздарды ретімен орналастыру (жоғарыдан төменге), табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Бүршік жарған ағаштар» Мақсаты: Берілген ағаш суретіне саусақпен бүршіктерді дұрыс орналастырып салуға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Бақшаға келемін» Ө.Байділдаев Мақсаты: Әуен ырғағын тыңдап, еркін қимылдауын қадағалау. Ән мәтініне сәйкес қимылдау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Серуендейміз, қимылдаймыз» 2.Музыка Тақырыбы: «Бақшаға келемін» Ө.Байділдаев Мақсаты: Балаларға әндерді қайталату, көңілді ойын ойнату. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Серуендейміз, қимылдаймыз»
---------	---------	---	---	--	---

III апта	Су әлемі. Аквариум	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шортан мен балықтар» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүгіруге қалыптастыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Су асты әлеміне саяхат» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүгіру. 30 секунд бойы тоқтамай жүгіру. Қос аяқтап секіру Дене сапасын дамыту (күш, шыдамдылық, жылдамдық). 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкене өзен арқылы» Мақсаты: Массажды жол бойымен жүргізуге (Көпірден өтеміз) , допты алысқа лақтыруға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Су асты тіршілік иелері» Мақсаты: Балалардың қоршаған орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, табиғатта тіршілік ететін балықтардың түрлерін, дене мүшелері, олардың пайдасы туралы білімдерін кеңейту, балықтарды түсіне қарай атап тануға, жем шашуға үйрету, сөздік қорын молайту, қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру, су асты әлеміне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Аквариумдегі керемет» Мақсаты: Ойындық әрекетті қолдана отырып, балаларды аквариуммен және оның тұрғындары – балықтармен таныстыру, балықтың түрі туралы, «алтын балық» туралы және оның айрықша ерекшеліктері жайлы, тыныс алу, тамақтану тәсілдері туралы біліммен ой - өрісін кеңейту арқылы су асты тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді балықшылар» Мақсаты: Балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысына жаттықтыру, сумен ойын ойнату арқылы жағымды сезімді жеткізу, балаларды судың қасиетімен таныстыру, сумен ойналатын ойындар үшін керек жабдықтарды даярлауға, оны жинауға балаларды үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Балықтар жүзеді» Мақсаты: Езілген бояуды жүргізу арқылы қағаз бетін толық бояуға үйрету. Қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту. Жапсыру Тақырыбы: «Әдемі балықтар» Мақсаты: Балаларға бөлшектерден тұтас зат құрастыруды үйрету. Оны түрлі материалдардың көмегімен безендіруді үйрету арқылы саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру, балықтарға қамқор болуға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Бақа, бақа, бақ-бақ» А.Меңжанова Мақсаты: Өнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға дағдыландыру. Табиғат, су әлемімен таныстыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көктем» биі
-----------------	---------------------------	---	--	---	---

IV апта	Жәндіктер	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көбелек» Мақсаты: Балаларға жәндіктер әлемімен таныстыра отырып, аттарды айнала отырып жүру .60 м баяу қарқынмен жүгіру. 1 марақашықтыққа сол қолмен себетке бүршікті лақтыру . 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құрт» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу. Құрт тәрізді ирелендеп еңбектеу. Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бүйе» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. Бүйе тәрізді еңбектеуге үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа мен көгершін» (әңгіме) Спандияр Көбеев Мақсаты: Балаларды жәндіктер әлемімен таныстыру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс – тұрыстарын талдауға, құмырсқаның еңбекқорлығын, көгершіннің бейбітшілік құсы екенін айтып түсірдіру, сөздік жұмыстар жүргізу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі» Мақсаты: Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, жәндіктер түрлерімен және олардың ерекшеліктерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру, тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету, жәндіктерді қорғап, қамқор болуға тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Көбелек» Мақсаты: Табиғи материалды пайдаланып, көбелекті құрастыра білуге үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ой – қиялын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Қанқыз» Мақсаты: Дайын сурет бетіне қаңқыздың дақтарын саусақпен салуға үйрету, балалардың қол қимыл әрекеттерін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйрету, жәндіктерге қамқорлық сезімдерін ояту, балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу. 1. Музыка Тақырыбы: «Көбелек» Ж. Смақов Мақсаты: Балаларға жәндіктер туралы түсінік беру. Жаңа әнді ырғақпен үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз» 2. Музыка Тақырыбы: «Көбелек» Ж. Смақов Мақсаты: Балаларға әнді қайталау. Ойынды, биді қадағалап, балаларды белсене араластыру Музыкалық – ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі
---------	-----------	--	--	--	--

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мамыр айы, 2022 жыл

Мақсаты: Балаларға жаз мезгілі, жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Әдемілікті сезіне білуге, көркемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету, туған жерді, қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері: -балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту;

-достыққа, мейірімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;

-өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта	Аялайық гүлдерді. Гүлдер, шөптер.	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлді баққа серуен» Мақсаты: Гүлдер ,ағаштар,өсімдіктер мен таныстыра отырып, Қол ұстасып жұппен жүру. Қол тиер тиместей еңкейіп «Гүлдерді теру ». Түрегеп тұрып секіру , « Ағаштан ағашқа секіру » үйрету. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан « Шағын топпен » жүру «Гүлдерге су құюға барамыз».Түрлі бағытта жүгіру « Жаңбыр жауып тұр ». Түзу қойылған жіптің бойымен жүру,бірлесіп ойнаудың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлге су құю» Мақсаты: Тірі табиғат туралы түсініктерін қалыптастыра отырып. Бөлме өсімдіктеріне су құю қимылдарын жасау.1м арақашықтыққа сол қолмен себетке допты лақтыру .	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Сүйкімді өсімдіктер» Мақсаты: Балаларды фикус гүлімен таныстыру, белсенді сөздік қорды байытуды жалғастыру, бөлме өсімдіктеріне қамқор болуға тәрбиелеу. Балаларды табиғат сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Гүлдер» (Қызғалдақ) Мақсаты: Балаларды қызғалдақ гүлімен таныстыру, оның сабағы мен гүлі туралы түсінік беру, қызғалдақтың басқа гүлдерден ерекшелігін ұғындыру. Қоршаған әлемдегі әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Гүлдерге қонған көбелектер» Мақсаты: Балалардың заттардың түстері жайлы білімдерін, заттарды түстері бойынша іріктеу ептілігін бекіту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Фигус» Мақсаты: Балаларды бөлме гүлдерімен таныстыруды жалғастыру, бояудың түстерін анықтау жұмысын жалғастыру, дайын берілген бейнеге алақанды бояуға батыру арқылы толықтыруға үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Мүсіндеу Тақырыбы: «Гүл» Мақсаты: Гүлді алақан арасына домалақтау, сабағын тіке бағытта есу арқылы екі бөлікті біріктіру тәсілдерін меңгерту. Музыка Тақырыбы: «Бау - бақшам» Ә.Бейсеуов Мақсаты: Дыбыс әуезділігін қалыптастыру, ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Достасайық»

II апта	Жыл 12 ай	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз танертен шынығамыз» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан, еңбектеу. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балалардың сүйікті ойыншықтары» Мақсаты: «Сылдырмақты тап» тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Алға жылжи отырып секіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында жағымды әсерлерін дамытуға мүмкіндік беру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақша да көңілді бірге жүру» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Отырып допты бір біріне домалату. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Өздігінен кедергілерден өте білуін дамыту.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Таң атып, күн шықты» Сатмухамбетова Қ.С (хрестоматия 2-3 жас) Мақсаты: Балаларға өлең жолдарын мәнерлеп оқу, шығарманың мазмұнын түсіндіру және эмоционалды қабылдау.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері туралы, маусымға тән өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы білімдерін кеңейте отырып, дүниетанымын, ой - өрісін дамыту. Құрастыру. Тақырыбы: «Біздің саяжай» Мақсаты: «Біздің саяжай» сюжеттік тақырыбында үй салуға үйрету, ойыншықтар пішінімен сәйкес құрылыс материалдарын таңдау, сюжеттік композицияларға қызығушылықтарын арттыруға, эмоциялық пікірін оятуға жағдай жасау.	Сурет салу Тақырыбы: «Күн күлімдеп терезеден қарайды» Мақсаты: Балаларға қылқаламның көмегімен күннің бейнесін салуға үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» Халық әні Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдерімен таныстыру. Қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу» 2.Музыка Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» Халық әні Мақсаты: Өнді қайталау. Ойынды, биді қадағалап, балаларды белсене араластыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу»
---------	-----------	--	---	---	--

III апта	Мен жасай аламын	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз таңертен шынығамыз» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан, еңбектеу. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бала, бала, баламыз» Мақсаты: Шеңбер етіп қойылған жіптің бойымен жүру. Қол тиер тимес секіру «масаны ұста ». Сызықтар арасымен жүгіру. « Көпірден жүгіріп өт ». 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Таяқшадан аттап өт» Мақсаты: Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру « таяқшалардан аттап өт». Тапсырма арқылы жүгіру «торғайлар мен автомобильдер».	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен досыма көмектесемін» Мақсаты: Балалардың өздерінің достары туралы әңгімелеуге шақыру, сөздік қорын дамыту, 3-5 сөзден тұратын тіркестермен, сөйлемдермен сөйлеуін дамыту, достық қарым – қатынас орнату, адамгершілікке тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен үй жануарларына қамқорлық жасаймын» Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін бекіту, оларға қалай көмектесе алатындарын еске түсіру, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту, үй жануарларын аялай білуге тәрбиелеу. Сенсорика Тақырыбы: «Қиылған суреттер» Мақсаты: Балалардың сенсорлық қабілеттерін: бөлшектерден бүтінді шығару дағдысын дамыту, қол қимылының икемділігі мен көз арқылы бейнені жүргізу дағдысын дамыту, суретте бейнеленген затты тануға және оны атауға үйрету, сәйкес суреттерді табу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Шар» Мақсаты: Балаларға бейнеленген шеңбердің ішін түрлі – түсті қарындашты пайдаланып, бояу дағдыларын қалыптастыру, әдемі бояуға үйрету. Жапсыру Тақырыбы: «Бұлттар» Мақсаты: Қағаз бетінің кеңістігін дұрыс бағдарлап, бұлттарды дұрыс орналастыруға дағдыландыру. Музыка Тақырыбы: «Мен жолға сурет саламын» А.Досмағамбет Мақсаты: Әнді орындауға баулу. Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Ойыншықпен би»
--	--	--	---	---	---

IV апта	Көңілді жаз	1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алақай жаз келді» Мақсаты: 25 см көтерілген құрсаудан құрсауға аттап жүру. Жалғамалы қадаммен жұптасып , қолды ұстасып, алға қарай жүру. Баладан 1 м арақашықтықта жатқан құрсауға допты лақтыру. 2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Өзеннен көпірмен өту» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру . Көпірден қолдарын екі жаққа созып өту . Гимнастикалық орындықүстімен жүру. 3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Табиғат әлеміне саяхат» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу.Жылжымалы қадаммен алға қарай жүгіру. Алға жылжи отырып секіру . Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жазда» (өлең) Н. Айтөв Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту, жайқалған жаз, жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып, сөздік қорларын байыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Жадыра, жайна, жарқын жаз!» Мақсаты: Табиғатты бақылай отырып, жаз мезгілінің негізгі ерекшеліктерімен таныстыру, жазғы табиғат өзгерістерін бақылап, жаз байлығын, әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге үйрету, баланың сөздік қорын молайту, назар аудару, сұраққа жауап беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау. Табиғатты аялауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Құрастыру Тақырыбы: «Шуақты күн» Мақсаты: Балаларға күн туралы түсіндіру, балаларды умаждау әдісін жетілдіру, умаждау арқылы домалақ пішінді келтіруді бекіту, ұқыпты жұмыс жасай білуге үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Жайдарлы жаз!» Мақсаты: Сюжетті жаздың бейнесіне гүлдерді, шөптерді қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. 1.Музыка Тақырыбы: «Күнбағыс» Ж.Мұхамеджанова Мақсаты: Балаларға жаз туралы түсінік беріп, ән тындауға баулу. Көңіл күй сезімін ояту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жұптасып билеу» 2.Музыка Тақырыбы: «Күнбағыс» Ж.Мұхамеджанова Мақсаты: Әнді қайталатып, би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Құлыншақ»
---------	-------------	---	--	--	--